

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009-2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 354 Қаулысы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысына, «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;
- 2) кредиттердің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

3. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне кредиттерді игеру туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің

2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің

2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2010

ж ы л ғ ы

26

с ә у і р д е г і

№ 354

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру ережесі

Ескерту. Тақырыбындағы және бүкіл мәтіндегі «алуға» деген сөзден кейін «, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге» деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.28 № 1251 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысына, «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысына сәйкес әзірленді және облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы

қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру тәртібін белгілейді.

2. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 — 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 2010 жылға кредит беру тәртібі

2. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - қарыз алушылар) тиісті мәслихаттар 2010 жылға арналған облыстық бюджеттерде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бұдан әрі - кредитор) мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін ұ с ы н а д ы .

3. Кредитор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Ереженің 2-тармағы орындалғаннан кейін «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысының 35 және 35-1-қосымшаларына сәйкес қарыз алушыларға кредиттік шарттар жасасу арқылы жалпы сомасы 9 819 097 000 (тоғыз миллиард сегіз жүз он тоғыз миллион тоқсан жеті мың) теңгеге бюджеттік кредиттер (бұдан әрі - кредиттер) береді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.05 № 1156, 2010.11.28 № 1 2 5 1 Қаулыларымен.

4. Қарыз алушыларға кредиттер беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) қарыз алушыларға кредиттер «Нұрлы көш» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға, жылыжай шаруашылығын дамыту саласында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге 5 (бес) жыл 6 (алты) ай мерзімге сыйақының нөлдік ставкасы бойынша теңгемен беріледі;

2) кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен б а с т а п е с е п т е л е д і .

5. Кредиттерді беру, өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі өзге де шарттар кредиттік шартта белгіленеді.